

«Зейтін Ақышев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №4/1

Қатысқандар-11

1. 08.2020 жыл

Күн тәртібінде:

1. Карантин уақытында қамқоршылық кеңес және мектеп әкімшілігі, ата-аналардың атқарған жұмысына тоқталу.
2. «Мектепке жол» республикалық акция аясында жетім, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету
3. Әр түрлі мәселелер.

Қаралды:

1. **Мектеп директоры Д.Б.Толеутаев** жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі жоспармен таныстырып өтті.

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Олжатай сөз алды.

Наурыз 16-сы карантин басталуына байланысты Еліміздегі індеттің таралмауына байланысты оқушылар төртінші тоқсанды қашықтықтан оқыды. Сабақтар «Балапан» және «Ел арна» каналдары арқылы көрсетілді. Сабақтар ватсап арқылы болды. Қамқоршылық кеңес мүшесі Бокенов Тайжан Тұрғынұлы 1 балаға ұялы телефон, Бижанов Бүркітбай Оразтаевич және мектебіміздің директоры Дюсенбек Байронович Толеутаев 1 балаға жаңа тюнер табыс етті. Қамқоршылық кеңес мүшелері 14 балаға киім, азық –түліктей көмек берді. Мектеп ұстаздары Шомаков А.С 1 отбасына азық-түлік, Түсіпбаев Е.Р 2 отбасыға азық-түлік, Абишева Л.Т отбасы жағдайы өте төмен отбасы Елубай отбасына кілем және Бекмағанбетова Ж.Қ көкөністер, Қабылқайыр Д.Б 1 оқушыға бірлік, мектеп кәсіподағы Мерғалиева Н.Б 5 отбасыға жеміс таратты. Мектеп еңбек пән мұғалімі Батенова М.Т аздамтылған отбасы балаларына тегін маска таратып берді. Әділхан отбасы 5 балаға 10000мың көлемінде қаржылай көмек, сонымен қатар, тәттілер таратып берді. Осындай қайырымды адамдардың арқасында балаларымыз қатарластарынан қалмай, оқу үрдісіне толыққанды қатысты

2.Тәрбие ісінің меңгерушісі Л.Т.Абишева сөз алды. 1 шілдеден бастап республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында аздамтамасыз етілген отбасы балаларына көмек беру, олардың мектепке дайындығын алдын ала бақылау жоспарланды. Сол жоспарға сай көмек қажет ететіндердің тізімі құрылды

Ата-ана сұранысы бойынша бюджеттен тыс демеушілерге 27 оқушыға мектепке киім және кеңсе заттарын алып беруге сұраныс берілді.

Мектеп оқушылары арасында жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету, қаржылай көмек көрсету кезінде отбасы жағдайын тексеріп қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларын мектепке дайындап, көмек көрсетуге демеушілер табу, көмекті жалғастыру

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Г.Олжатай

Хатшы



Абишева Л.Т